

2009 жылы Бұланды ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № а-01/06 қаулысы. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 ақпанда № 1-7-73 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 қаңтардағы № А-01/10 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2010.01.19 № А-01/10 қаулысымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес халықты жұмыспен қамтудағы мемлекеттік кепілдіктерді кеңейту мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылды Бұланды ауданы бойынша жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын қалалық және ауылдық округтердің, кәсіпорындардың қосымшада берілген тізбесі бекітілсін.

2. «Бұланды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға олардың келісімімен тіркелген күнге сәйкес кезек тәртібімен жіберсін.

3. Қоғамдық жұмысқа тартылған жұмыссыз азаматтарға еңбекақы іс жүзінде істеген жұмысы үшін, аудандық бюджет қаражаты есебінен, 2009 жылға Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген ең аз айлық жалақы мөлшерінен аз емес көлемде төленсін.

4. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-7-59 тіркелген, аудандық «Бұланды жаршысы - Вести Буланды» газетінің 2008 жылғы 15 ақпанындағы № 7 санында жарияланған «Бұланды ауданы бойынша 2008 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Бұланды ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 16 қаңтардағы № а-1/2 қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2009.15.05 № а-05/110 (2009 жылдың 5 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Еслямоваға жүктелсін.

6. Осы қаулы 2009 жылғы 5 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға қолданылады.

7. Қаулы Бұланды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және аудандық газетте ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Б ұ л а н д ы а у д а н ы н ы ң
әкімі Е.Б.Нұғыманов
КЕЛІСІЛДІ

Б ұ л а н д ы а у д а н ы әкімдігі
ж а н ы н д а ғ ы ш а р у а ш ы л ы қ
ж ү р г і з у қ ұ қ ы ғ ы н д а ғ ы
«Макинск-Жылу» м е м л е к е т т і к
к о м м у н а л д ы қ к ә с і п о р ы н ы
директорының міндетін атқарушы В.Е.Мухин

Б ұ л а н д ы а у д а н ы әкімдігі
ж а н ы н д а ғ ы ш а р у а ш ы л ы қ
ж ү р г і з у қ ұ қ ы ғ ы н д а ғ ы
«Макинск-Су» м е м л е к е т т і к
к о м м у н а л д ы қ к ә с і п о р ы н ы н ы ң
директоры С.В.Гранкин

Б ұ л а н д ы а у д а н ы әкімдігінің
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 0 . 0 1 № а - 0 1 - 0 6

қаулысымен бекітілген

2009 жылы Бұланды ауданы бойынша жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын қалалық және ауылдық округтердің, кәсіпорындардың тізбесі

№ р/с	Қалалық және ауылдық округтер, кәсіпорындар атауы	Қоғамдық жұмыстың түрлері	Адам саны
1.	«Айнакөл ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	2
2.	«Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	2
3.	«Вознесенка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	5
4.	«Даниловка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	4

5.	«Журавлевка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	5
		Жалғыз және қарт зейнеткерлер мен мүгедектерді күту	2
6.	«Ерголка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	3
7.	«Капитоновка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	3
8.	«Карамышевка ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	4
9.	«Қараөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	8
10.	«Никольск ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	5
11.	«Новобратск ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру және көркейту	2
12.	«Макинск қаласы әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі	Ұйымдастыруға байланысты курьерлік жұмыстар, үйлерге жүру және халық санағын өткізу, көпшілік-мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге көмектесу	27
13.	Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы «Макинск-Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Коммуналдық шаруашылыққа аумақты тазартуға көмектесу	4
14.	Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы «Макинск-Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қардан қалашық салу, қардан тазарту, көгалдандыру және көркейту	24

Кестенің жалғасы:

Орындалатын айы	Істелетін жұмыстар көлемі (шаршы метр)	Қоғамдық жұмыстардың нақты шарты	Қатысушылар еңбекақы төлем мөлшері	Қаржыландыру көздері
Мамыр-қыркүйек	12000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр	13000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр	30000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр	24000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр	31000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Жыл бойы		Еңбек шарты		Аудандық бюджет

			Ең аз жалақыдан кем емес	
Мамыр	20000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр	21000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр-қыркүйек	24000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр-қыркүйек	50000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр-қыркүйек	32000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Мамыр-қыркүйек	12000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Жыл бойы		Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Жыл бойы	24000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет
Жыл бойы	150000	Еңбек шарты	Ең аз жалақыдан кем емес	Аудандық бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК